


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ АБАЯ  
ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY



«Қазақстанның шетелдік Шығыс елдерімен тарихи-мәдени байланыстары»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫ

25 қазан

МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«Историко-культурные связи Казахстана со странами зарубежного Востока»

25 октября

THE MATERIALS  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC- PRACTICAL CONFERENCE:  
«Historical and cultural communications of Kazakhstan with the countries of the East»

25 October

Турарова К.К.

## Резюме

В данной статье рассмотрены некоторые проблемы обучения государственному языку по новым технологиям.

## Abstract

Some problems of teaching Kazakh using new technologies are considered in this article.

*Тірек сөздер:* ақпараттандыру, ғаламдық коммуникациялық желі, әдіс-тәсіл, жаңа реформа, компьютерлік бағдарламаларды, инновациялық техногиялар, кәсіби шеберлік, сұраныс

Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алғанынан бері Қазақстанның барлық азаматы тілді еркін меңгеруге мүмкіндік жасалып, жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жүзеге асуда. Елбасы жолдауында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деген[1].

Мемлекеттік тілді меңгеруде жеке тұлғаның сапалық көрсеткіштерінің бірі – жаңа технологияны меңгерген білімді де білікті кәсіби мамандарды дайындау бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Білім беру жүйесінде маманды жан-жақты дайындау, кәсіби шеберлігін қалыптастыруда оқытудың *сапалы білім беру мақсатында білім жүйесіндегі жаңа технологияларды, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізе отырып*, жаңаша ұйымдастыру уақыт талабына, сұранысы байланысты. Мемлекеттік тілге қатысты өзекті ғылыми-әдістемелік семинар-кеңестің, тіл тақырыптарына бас қосулардың маңызы зор. Еліміздің оқу-білім жүйесі жаңа технология, инновациялық жаңа бағытта жұмыс жасап жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін мынадай айқын мақсаттарға қол жеткізу керек:

● заман ағымына қоғамдағы Білім жүйесіндегі үлкен серпілістерге сай оқытудың әдістемесіне айырықша көңіл бөлу;

● жаңа оқулық, оқу-әдістемелік кешенді құралдарды ұсыну, электронды оқулықтар, жаңа кешенді бағдарламалар жасау;

● қазақ тілінде сауатты сөйлеу, сауатты жазу және сауатты оқу дағдыларын қалыптастыру, сала бойынша терминдік сөздіктер, тілашарлар жасау;

● басқа ұлт балаларының мемлекеттік тілді қарым-қатынастық сипатта меңгеру деңгейін, яғни білім деңгейін бағалау арқылы анықтау;

● тіл туралы заңды орындаудың нақты тетіктерінің бірі – мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамалық негіздерін жетілдіріп, бүгінгі заман талабына, білім жүйесіндегі жаңа реформаға сай жаңаша технологияларды енгізу. Кредитті технологиялық талаптарға сәйкес әдістеме саласында қазіргі заманғы озық әдістерді, өзгерістер инновациялық технологияларды енгізуді және үздік әдістемелік құралдарды, компьютерлік бағдарламаларды қолдану.

Қазақ тілі заман талабына сай мемлекеттік мәртебеге ие болуына сәйкес дамуы мен жақсаруына әрбір азаматтың қам жеуі және соған мүмкіндіктер туғызуына ат салысуы қажет. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту білім беру жүйесінде, ЖОО-да білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйелерін жаңартуды, тілді мамандыққа қарай бейімдеп оқытуды, мемлекеттік тілде оқулықтар дайындау, төл оқулықтармен қамтамасыз ету – негізгі міндет.

Білім беру үдерісін табиғилыққа неғұрлым жақындатып, бейімдеу туралы ең алғаш Я.А. Коменскийдің еңбектерінен көруге болады [2]. Оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдерін анықтай келе, Ян Амос Коменский оқу тапсырмаларының баланың табиғи мүмкіндіктеріне неғұрлым жақын жасалынған тапсырмалардың тиімділікпен орындатынына баса назар аударған. Кейін Ян Амос Коменскийдің бұл идеясы көптеген педагогтардың ұтымды әдісіне айналған.

Ақыл-ой әрекеті сезімдік қабылдау негізінде алған жүйелі білім арқылы қалыптасады. Жүйелі білім бере отыра шығармашылыққа тәрбиелеу – қазіргі заман талабы десек те болады. Алдымыздағы жастардың өзіне деген сезімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет іздеу, өмірден өз орнын тапқыза білу қаншалықты қиын екені белгілі. Шығармашылық қасиетінің дамуы ойлаудың қабылдағыштық, ізденімпаздық, байқағыштық, білімге деген құмарлық, тапқырлық сияқты білімдік жақтарын да жетілдіре түседі.

Шығармашылыққа тәрбиелеу үшін «Сергіту сәттерін» тиімді пайдалануға болады. Мысалы: С.Иманасовтың бір өлең шумағының әр жолының соңғы сөздері беріледі. Тапсырма анық түсіндірілуі керек. 7 минут ішінде берілген сөздердің мағынасына қарай ұйқасын тауып өлең жазу керек. Берілген сөздерді оқып шығып бұл өлең не жайында болуы мүмкін екенін анықтау қажет. Әртүрлі болжам айтылады. Махаббат, соғыс, тіл т. б. Талап нақты қойылса, жұмыс дұрыс орындалады. 4 адамнан топтар құрылады. Әр топ жазғандарын өз топтарында оқып, ең жақсы жазылған өлең шумағын тандайды. Ең жақсы жазылған өлең шумақтары аудиторияға оқылады.

Бұл жұмыс түрі студенттерге ұнайды және бұл жұмыс түрін қайталауды сұрайды. Соңғы сөздері ғана берілген өлең шумағын ұсыну қажет.

.....кім біледі,

.....тілгіледі.

.....кеттік пе деп,

.....сұмдық еді.

Белгіленген уақыттан кейін студенттер өз топтарында жазған өлеңдерін оқиды. Мысалы:

қазір қайда екенсің кім біледі,

Сөздерің жүрегімді тілгіледі.

Қоштасып мәңгіге біз кеттік пе деп

Ойлауым менің неткен сұмдық еді.

Диханбаев Ержан 224-топ

Жаны сері Ақанды кім біледі,

Айтқан сөзі сезімді тілгіледі.

Сері Ақанды ұмытып кеттік пе деп,

Қазағым, ойлауың да сұмдық еді.

Сергіту сәттеріне өлең шумақтарын тақырыпқа байланыстырып алу қажет. Бұл жұмыс қаншалықты жиірек қолданылса, соншалықты курсанттардың өздеріне деген сенімділігі, шығармашылықпен жұмыс істеуге құлшынысы артады.

Бұл алдымыздағы шәкірттерді шығармашылыққа баулудың бір ғана түрі. Кез келген әдіс-тәсіл түрлерін түрлендіріп, сабақты қызықты өткізуге қол жеткізуге болады. Бұл оқытушының жаңалыққа жақын болуын, қазіргі жаңа технологияны білуін қажет етеді. Қазіргі таңда тақырыпқа байланысты

мәтінді дұрыс таңдау – басты мәселе. Мәтін көлемі жағынан стандартқа сай, тақырыпқа байланысты лексикаға бай және ой тудыратын мәтін болуы тиіс. Мәтіннің көмегімен сөйлеу әрекетінің жазылым, оқылым, тыңдалым, айтылым түрлерінің кез-келгеніне тестінің ерекшеліктерін ескере отырып құрастыруға болады.

Дәстүрлі тестілеу әдістері – тілдің құрылымдық грамматикасын білуі деңгейін анықтауға негізделген тестілер болып келді. Дәстүрлі тестілер тіл білуін бағалау мақсаттарын қанағаттандырмай келді, себебі бұл тестілер тілді коммуникативті мақсаттарда пайдалана алу деңгейін анықтай алмайды. Халықаралық деңгейде ағылшын тілін білу деңгейін тестілейтін жүйелер – TOEFL, IELTS. Бұл тестілер жүйелері тілді әр түрлі деңгейде меңгеруін анықтай алады. Тіл үйренушінің тілді меңгеру дәрежесін тындап түсіну, оқып түсіну, жазу, өз бетінше қолдану деңгейін нақты анықтауға мүмкіндік береді және шынайы бағалай алады.

Әлемдік тестілеу стандарттарын негізге ала отырып, қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып, коммуникативті, танымдық, объективті, қызық тестілер жасау қолға алынып жатыр. Тіл үйренуде тестілеуді кеңінен қолдануға болады. Тестілеу – тілді меңгеру дәрежесін анықтайтын, бағалайтын құрал ғана емес. Оқыту үдерісінің оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым әрекеттерінде пайдалануға болады. Тестілеу – тіл үйренушінің білімін тексерудің бірден-бір ыңғайлы, тез тәсілі. Дәстүрлі тестілерді анықтау барысында бірнеше пікірлер туындады.

Бірінші пікір. Тестіні жай ғана сұрақтар, тапсырмалар жиынтығы емес, «тапсырмалар жүйесі» ретінде қарастыру керек. Немесе жаңа интегралды сападағы тапсырмалар деп есептеуге болады. Тесті тапсырмаларының сапалы болуы - оның тұтастығында. Тестінің тұтастығы – тапсырмалардың өзара бір-біріне әсер етуі, немесе тесті бір жүйе ретінде жасалады. Бір элементін алып тастасақ тесті өзінің тұтастығын жоғалтады.

Тыңдалымға арналған бір мәтін түрі.

**Тыңдалым. 10% Бастауыш -1(A-1)**

#### Кино өнері

*Қазіргі уақытта кино көрмейтін адам жоқ. Үлкен де, кіші де киноға барады, теледидар көреді. "Кино" – грек тілінен шыққан сөз. "Қозғалыс" деген мағынаны білдіреді. Бұл өнер кейін пайда болса да, ерекше қарқынмен дамыды. Тұңғыш кино 1895 жылы ағайынды Люмьерлер ойлап тапты. Алғашқы кинода дыбыс болмады. Актерлер әрекетті ыммен түсіндірді. Жиырмасыншы жылдардан бастап әжеке өнер ретінде танылды.*

*30-40- шы жылдары киноленкаға дыбыс жазу техникасы пайда болды.*

*Осы кезде түсірілген "Чапаев", "Максим", "Біз кронштантанбыз" кинофильмдері әлі күнге дейін теледидардан көреміз.*

*Қазақ кино өнерінің тұңғышы - "Түркісіб" деректі фильмі. Түркістан – Сібір теміржолын салушыларға арналған. Алғашқы көркем фильм - "Амангелді" 1938 жылы "Ленфильм" киностудиясы шығарды. Берілген тапсырма 7-8 сөзден аспау керек. Таныс емес сөздер саны 2-3 сөзден артық болмау керек.*

Екінші пікір. Тесті – тілді үйренуге негізделген концепция, форма, интерпретация, нәтиже және мазмұн. Сондықтан тестіні ең сапалы педагогикалық өлшем құралы деп санауға болады.

Үшінші пікір. Дәстүрлі тестіні анықтауда «тестінің тиімдігі» деген жаңа ұғымды енгізу. Дәстүрлі тестінің басты мақсаты аз тапсырмалар саны мен қысқа мерзім ішінде тез және сапалы, аз шығынмен білім деңгейін тексеру, салыстыру.

Ғылымда тестіге жүздеген анықтамалар берілген. Олардың кейбірлерімен келісуге болады, ал кейбірімен мүлдем келісуге болмайды. Бұл салада әлі де көптеген жұмыстар жасалуы керек. Ұғымды жақсартуға ұмтылу – қажет және дұрыс құбылыс. Тестілеуге байланысты берілген анықтамалар әлі зерттелуі керек.

Тіл үйренуде жаңа технологияны пайдалану – қазіргі заманымыздың өзекті мәселелердің бірі. Келешекте бұл бағытта көп жұмыстар атқарылатынына және дамитынына сенімдіміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы. 2013 жыл.
2. Коменский Я.А. Великая дидактика. – Избр. сочинения. – М., 1987.